



МҮМКІНДІК КӨП ЖАСҚА ДА, БАС МӘСЕЛЕ — БАСПАНА



Баспана мәселесі ең өзекті әлеуметтік-экономикалық тақырыптардың бірі. Жастар үшін үй сатып алу тек қаржылық қиындықтарды шешудің ғана емес, сондай-ақ тұрақтылық пен өз болашағын жоспарлаудың маңызды бөлігі. Әсіресе, қазіргі уақытта тұрғын үй бағасының өсуі, банк несиелерінің жоғары мөлшерлесі және бастапқы жарна талаптарының қатаңдығы бұл мәселені күшейте түсті.

Қазақстанда тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған бірнеше мемлекеттік бағдарламалар ұсынылғанымен, олардың колжетімділігі мен тиімділігі қоғамда жиі сынға ұшырайды. Жұмыссыздық, қаржының тапшылығы, бұл бағыттағы ақпараттың аздығы жастардың үйсіз жүруіне бірден-бір себеп. Мақаламызда Қазақстандағы жастардың баспана алу жағдайына талдау жасап көрдік. Көп жастың баспана алуына да экономикалық жағдай кедергі болып отыр.

Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін, жұмысқа орналаса алмай жүрген жас мамандар саны әлі де аз емес. Айлық табысы мардымсыз болғандықтан, олардың көпшілігі алғашқы жарнаны жинауға қауқарсыз. Бұл мәселені қаржылық сауаттылықтың төмендігі де ушықтырып отыр. Тиімді жинақтау әдістерін білмеу, бюджетті дұрыс жоспарламау көптеген жасты қаржылық тұрақсыздыққа алып келеді.

3-бетте

Назгүл БЕРДІҚОЖА:

«АҚЫН»

АТТЫ ҰҒЫМҒА
АНЫҚТАМА БЕРУ ҚИЫН



«Поэзия – жүректің сөзі. Бір жүректен шыққан шымыр сөз кем дегенде жүз жүректен бұғып жатқан бұла сезімнің бұлықсып бас көтеруіне түрткі болады. «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» деген ұлғатты сөздің өлеңге де толық қатысы бар. Жүректенгі сезімді оятқан өлең тегін өнер болмаса керек. Өлеңнің өнегесі сол, ол адамдық сезімді оятып қана қоймайды, оны адамзаттық асқақ сезімнің дәрежесіне дейін көтереді. Азаматтық асқар сезімнің шыңы ұлттық сезім де өлең арқылы оянып, рухани күш алады» дейді жазушы һәм сыншы Сағат Әшімбаев.

Иә, ақынның жұдырықтай жүрегінен жаралған поэзия адамдық асыл сезімнің тууына себепкер. Жер бетіндегі мейірім мен махаббат атаулының түп тамыры дәл осы «адамгершілікке» байланған. Бізді өзге тіршілік иелерінен ажыратып, екселеп тұрған да осы аяулы сезімнің күші. Осынау ойлардан кейін «ақынның аузына сөзді Құдай салатынына» сенбеске амалың, айтарға уәжің қалмайды. Осы орайда таңдайына тәтті жыр ұялаған, қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған ақындардың бірі, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Наз» жыр жинағының авторы, сырбойылық ақын Назгүл Бердіқожамен шығармашылығы хақында әңгіме орбিতтік.

5-бетте

«ҚАЗЫНАҒА» АЙНАЛҒАН ҚАЗАҚ КИНОСЫ

Бүгінгі жаңашыл туындыларына көңілі толмайтындар кинематографияда он жылдықты артта қалдырған қазақтың телесериалдарын сағынады, қайта қарайды. Олардың айтуынша, нағыз қазақы «ісі» міне, сол кезеңде. Бұл орайда киноны ұлттың айнасы десек, бүгінгі экран өнеріндегі біздің сұлбамыз қандай? Осы шығарылымда өнердің құндылығын барынша саралауға тырыстық.



Біздегі кино тарихы 1938 жылы «Ленфильм» киностудиясында түсірілген «Амангелді» фильмімен тығыз байланысты. Себебі дәл осы уақытта қазақ кинематографиясының

шымылдығы түріліп, сол кезеңнен бері қоржынмыз түрлі жанрдағы фильмдермен толықты.

4-бетте



Салтанат АППАЗОВА:

ПОЛИМЕТАЛЛ ҚАЛДЫҚТАРЫН ӨНДЕУ ЭКОНОМИКА ҮШІН ТИІМДІ

Сырбойылық жас ғалымдар түрлі бағытта зерттеу жүргізуде. Олар оң нәтижеге қол жеткізу үшін заманауи зертхана мен қаржылай қолдау өте маңызды. Бұл орайда жақсы жаңалық бар.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-Ректорының гранты аясында өткізілген жас ғалымдардың ғылыми зерттеулері конкурсының қаржы қоры былтыр 20 миллионға артты.

Конкурс жеңімпазының бірі – университеттің аға оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі Салтанат Аппазова. Жас ғалыммен зерттеу жобасының тиімділігі туралы сөз қозғадық.

2-бетте

ШӘКІРТТЕРІ ШЫҢҒА ШЫҚҚАН ШЕБЕРХАНА



1980 жыл. Мәскеу. Әлемдік спорт тарихындағы елеулі оқиға – Олимпиада ойындары. Қазақ намысын қорғау үшін спортшыларымыз ат басын Мәскеуге бұрды. Солардың арасында Жақсылық Үшкепіров те бар. Қазақ балуанының жеңіске жететініне тек оның жаттықтырушысы Вадим Александрович Писарев қана сенсе, қалғандары үлкен күмәнмен қарады. Міне, айқасатын сәт те келіп жетті. Олимпиаданың жеребе тастау рәсімінің қорытындысы бойынша, қазақ балуаны бірінші белдесуде әлемнің екі дүркін чемпионы Александрмен тартысқа

түсетін болды. Үшкепіров секілді чемпиондыққа үміткерлердің қатарында: румын Александру, поляк Керпач, болгар Христов, венгр Шерештер болған. Бірақ қарсыласын қырғидай қырған қазақ балуаны Жақсылық Үшкепіров чемпион атанып, осы жарыста күллі әлемге ел атын асқақтатып қайтты. Сол уақытта бозкілемдегі батырдың бұл ісі қазақ атын жер жаһанға танытып қана қоймай, спорттың бұл түріне қазақ жастарының қызығушылығын арттырды.

7-бетте

Басы 1-бетте

МҮМКІНДІК КӨП ЖАСҚА ДА, БАС МӘСЕЛЕ – БАСПАНА

Үй ала алмай жүрген қазақстандық жастардың пікірі де алуан түрлі. Мәселен, 28 жастағы Нұрлан есімді жас маман алғашқы жарнаны жинаудың қиындығын алға тартты.

– Университетті аяқтаған соң тұрақты жұмыс табу қиын болды. Жинақтау мүмкіндігі жоқ, ал банктердің талаптары өте жоғары. Алғашқы жарна үшін 20-30% жинау керек дейді. Ал бұл біздің айлығымызға сәйкес келмейді, – дейді.

Ал Аружан есімді 24 жастағы студент бұдан өзге де кедергілер барын айтты.

– Бізге қаржылық сауаттылықты мектепте үйрету керек еді. Қазір жұмыс істеп жүрсем де, жинағаным аз. Несиелік бағдарламалардың шарттары күрделі, біз түсіне бермейтін құжаттарды сұратады. Кейде банктер несиені тарихын негізге алып, бас тартады, – деп шағымданды.

Бағдарламалар жастар үшін қолайлы ма?

Үй алуға арналған бағдарламалардың барын айтып өттік. Енді толығырақ тоқтала кетсек. Қазір «7-20-25», «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» бағдарламалары ең көп қолданыста. Десек те жастар үшін аталған бағдарламалар қаншалықты қолайлы?

«7-20-25» бағдарламасы. Бұл

бағдарлама 2018 жылы іске қосылған болатын. Оның негізгі мақсаты – тұрғын үй несиесін тиімді шарттармен беру арқылы қазақстандықтардың баспана алу мүмкіндіктерін кеңейту. Бағдарламаның шарттары бойынша, тұрғын үй несиесінің мөлшерлемесі 7%-ды құрайды, бастапқы жарнасы – 20%, ал несиенің мерзімі 25 жылға дейін болуы мүмкін. Мұндай шарттар әсіресе тұрақты табысы бар жас отбасылар үшін тиімді. Дегенмен бастапқы жарнаны төлеу көбі үшін қиындық туғызады. Себебі орташа есеппен, бастапқы жарна ретінде 3-5 миллион теңге қажет.

«Бақытты отбасы» бағдарламасы. Бұл бағдарлама көбіне әлеуметтік жағынан осал топтарға, оның ішінде көпбалалы және толық емес отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға арналған. Бағдарлама бойынша несиенің мөлшерлемесі 2%-ды құрайды, бастапқы жарна – 10%. Мұндай жеңілдетілген шарттар жас отбасылар үшін үлкен қолдау, алайда аталған бағдарламаға қатысуға белгілі бір санаттағы адамдар ғана өтініш бере алады.

«Шаңырақ» бағдарламасы. Бағдарлама «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылады және ол да төмен пайыздық мөлшерлемелермен тұрғын үй несиесін ұсынады. Жылдық пайыздық мөлшерлемесі – 5%, ал бастапқы жар-



Сурет ашық дереккөзден алынды

на – 10%. «Шаңырақ» бағдарламасы арқылы баспана алу үшін тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысу қажет, яғни үміткерлер бірнеше жыл бойы алдын ала қаражат жинап, содан кейін ғана несиені алуға өтініш бере алады.

Жарна жаға ұстатса...

Қазақстандағы коммерциялық банктердің тұрғын үй несиелерінің пайыздық мөлшерлемелері әдетте 14%-дан бастап 20%-ға дейін жетеді. Әрине, мұндай жоғары пайыздық мөлшерлемесі жастардың баспана алуын айтарлықтай қиындатады. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша пайыздық мөлшерлемесі 2%-дан 7%-ға дейін төмендетілгенімен, бастапқы жарна мәселесі әлі де өзекті.

Жастардың баспана алуындағы ең үлкен қиындықтардың бірі – бастапқы жарна жинау. Атап өткен «7-20-25» бағдарламасы бойынша бастапқы жарна тұрғын үй бағасының 20%-ын құрайды, бұл Алматы немесе Астана секілді ірі қалаларда орта есеппен 5-7 миллион теңгені қажет етеді. Көптеген жас үшін мұндай қаражатты жинау бірнеше жылға созылады, ал бұл уақытта тұрғын үй бағасы да өсіп отырады.

Сонымен қатар пайыздық мөлшерлемесінің жоғары болуы да үлкен кедергі. Қазақстанда инфляция деңгейінің тұрақсыздығы мен экономикалық жағдайдың күрделілігіне байланысты банктер төмен пайыздық мөлшерлемелер ұсына алмайды. Сондай-ақ көп жастық тұрақты жұмыс орнының болмауы немесе табысының аздығы несиені төлеу қабілетіне әсер етеді.

Бойдақ жастар не істемек?

Қазақстанда жас отбасыларға арналған тұрғын үй бағдарламалары

бар болса да, бойдақ жастар назардан тыс қалған секілді. Жас отбасыларға арналған бағдарламалар олардың көпбалалы немесе әлеуметтік осал топқа жатуына байланысты жеңілдікті қарастырса, ал бойдақ жастар бұл мүмкіндіктер жоқтың қасы.

Есімін атамауды өтінген оқырманымыз осы мәселе бойынша өз пікірімен бөліскен еді.

– Қазақстанда көмек көрсету саласы көбіне әлеуметтік топтарға басымдық береді. Әрине, еш қарсылығымыз жоқ. Ең әуелі осал топтардың жағдайын жақсарту басым бағыт деп ойлаймын. Дегенмен біз секілді жастар үшін де жағдай қарастырылса жақсы болар еді.

Мен оқу бітірген соң, қалаға жұмыс істеуге көшіп келдім. Пәтер жалдап тұрамын. Жалақыма шағымданбаймын, десе де пәтер алуға жеткіліксіз. Тіпті алғашқы жарнасын да жинау мүмкін емес. Соның өзінде әрекет етіп, азын-аулақ болса да, жинауға тырысамын. Жастарға жағдай жасалған дейді, алайда жас отбасыларға басымдық берілген. Ал бойдақтардың хәлі не болмақ? Осы сұрақ алаңдатады, – дейді ол.

Жас отбасылардың басты артықшылығы – олардың ортақ табысы болады, бұл несиені төлеу қабілетін арттырады. Онымен қоса, балалардың болуы да белгілі бір әлеуметтік қолдауларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ал бойдақ жастар үшін несиені алу талаптары қатал. Олардың табысы тұрақсыз немесе төмен болса, несиені мақұлдау мүмкіндігі азаяды.

Шешім бар. Десек те...

Жастардың баспана алуға мүмкіндігі мүлде жоқ деп кесіп айту қате. «Отбасы банк» жастарға арналған бірнеше ипотекалық бағдарламаларды қарастырған. Мәселен, алғашқы жарна көлемі 10%-дан 20%-

ға дейінгі мөлшерлемесімен құрайтын «Наурыз» бағдарламасы, сондай-ақ әр өңірге бағытталған («Сыр жастары» секілді) жобалар жастарды пәтерлі ету үшін ең қолайлы деген мүмкіндіктерді ұсынады.

Одан бөлек, жеке сектор мен тұрғын үй кооперативтері арқылы үй сатып алуды айтсақ болады. Кейінгі жылдары кооперативтік тұрғын үй жобаларына қызығушылық арта түсті. Бұл жүйеде жастарға бастапқы жарнасыз немесе төмен пайыздық мөлшерлемесімен баспана алуға мүмкіндік беріледі. Мәселен, тұрғын үй кооперативтері жастарға алғашқы төлемсіз немесе 3-5 жыл ішінде толық төлеу мүмкіндігімен үй ұсынады.

Алайда тұрғын үй кооперативтерімен жұмыс істеудің де тәуекелдері бар. Кейбір кооперативтер заңды түрде толық реттелмеген немесе қаржылық тұрғыда тұрақсыз болуы мүмкін, бұл жастарға қосымша қауіп төндіреді. Сондықтан мұндай жобаларға қатысқанда, құқықтық және қаржылық қауіптерді алдын ала зерттеу қажет.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы жастардың баспана алу жағдайында бірқатар олқылықтың бар екенін байқадық. Мемлекеттік бағдарламалар жастардың тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталғанымен, олардың қолжетімділігі мен тиімділігі өртенді.

Қазақстанда жастардың баспанасыз қала жеткізуі үшін тұрғын үй саясатында жаңашылдықтар енгізіліп, пайыздық мөлшерлемелер мен бастапқы жарна талаптарын жеңілдету қажет. Жастардың экономикалық белсенділігін арттыру, тұрақты жұмыс орындарын ашу, жеке секторды дамыту сияқты шаралар да маңызды рөл атқаратынын естен шығармаған жөн.

Қорлан САРЫ

Сурет ашық дереккөзден алынды



«Нашақорлық – қоғам дерті»

Жайлы мекен Қазақстан тұрағымыз,
Есірткісіз таза қоғам ұранымыз.
Болашақтың иесі бүгінгі жас,
Жағамыз туған елдің шырағын біз.
Нашақорлық – қоғам дерті,
Жастарымды улаған.
Жастық шақты бағалайық,
Оралмайды ол қайтадан.
Есірткіге құмар болма,
Бағалай біл бағынды!
Шырмауына бір ілінсең,
Жаралайды жаныңды.
Наша шегіп, ине егіп,
Бағы ешкімнің жанбаған.
Түзу жолдан адасып жүр,
Бұл қоғамда қанша жан.
Өміріңе балта шабар,
Жанбай жатып сөнерсің.
Ақ сүт берген анаңызға
Қайғы тауып берерсің.
Бар қылмысқа жол ашатын
Нашақорлық – бұл тажал.
Жаңылмандар, жас өрендер,
Терең болсын, ой санаң.
Пайдалы іспен шұғылданып,
Жайнай берсін өмірің,
Ата-анаңның батасын ал,
Тауып әркез көңілін.

Еркеназ ЕРБОЛОВА,
№107 орта мектебінің
7-сынып оқушысы,
Қармақшы ауданы

Жарқын өмір

Әлемде миллиардтаған адам болса да әр адам қайталанбайтын тұлға. Әлемді өзгерту өзіміздің қолымызда. «Мен жасағанда не тұр?» деп емес, «мен жасасам қоғамға қалай әсер етемін?» деп ойланатын кез келді.

Біз ұлан-ғайыр атырапты ұрпағыма мұра етсем деген бабаларымыздың орындалған арманымыз. Ұлттың берген батыр бабаларымыздың ел қамын ойлайын білікті де білімді ұрпағы болу парызымыз. Ғаламның дерті болған есірткімен

күресті әр адам өзімізден бастайық. Онымен күресу одан сақтанудан басталады. Деректерге зер салсақ, тұтынушылардың 70-80 пайызы байқамай пайдаланудың құрбандары. Өкініштісі оларды орға жыққандардың көпшілігі жақыным деп сенім артқан тасбауырлар.

Сондықтан таныс емес затты тұтынарда тым талапшыл, секемшіл болыңыз. Албырттық пен аңқаулық, шамадан тыс қызығушылық адамды құрдымға апаратын екінші жол. Өмірге бір келгенде барлығын көремің десеніз, сізді құптағаймын. Алайда есірткінің дәмін татып, арбауына тұтыла көрмеңіз. Оны тұтыған адамды, опынған отбасыны көзбен қарап, санамен орнында болып көру саналы адам үшін жеткілікті.

Балаларыңыздың бақытты балалығын, өміріңіздің қайта оралмас қызығын құрбан етпеңіз. Жасампаз елдің жас ұланы ретінде жарқын болашағыңызды жар басынан құлатпауға шақырамыз. Ел ертеңін ойлаған, дені сау ұрпақ болуды мақсат етейік. Егер осы жолда жаңылған болсаңыз сіз мемлекеттің ең бірінші қазынасысыз. Көмек алуудан ешқашан қорықпаңыз. Заңға және Отаныңызға сенім артуға шақырамыз. Жарқын өмір болмайды, оны адамдар құрасырады.

Арайлым КЕҢШЛІК,
№273 орта мектептің
7«Ә» сынып оқушысы,
Қармақшы ауданы



Сурет ашық дереккөзден алынды



«ҚАЗЫНАҒА»

АЙНАЛҒАН ҚАЗАҚ КИНОСЫ

АШЫ ШЫНДЫҚ ЖАСЫРЫЛҒАН КОМЕДИЯ

Егер «сұранысына қарай – өнім» десек, халықты күлкі құмар ретінде қабылдаймыз. Десе де, біздегі қалың көрерменнің қалауы – комедия. Бұл рас. Ал мамандардың пікірі қандай?

– Қазақ киносының басым бөлігі отбасы тақырыбын қамтиды. Бұл фильмдер, әсіресе, ұрпақтар арасындағы түсініспеушілік пен олардың сабақтастығын көрсетуге бағытталған. Отбасылық тақырыптағы туындылардың көпшілігі комедия жанрында түсіріледі. «Кино – қоғамның айнасы» деген ұғымды ескерсек, бұл фильмдер арқылы өзімізге сырт көзбен қарауға мүмкіндік туады. Олар бізді мазалайтын мәселелерді көтеріп, олардың ауқымын айқындап береді. Алайда қазақ киносы әзірге отбасы шеңберінен аса алмай отыр. Бұл фильмдер көрерменді күлдіре отырып, жылата да алады. Яғни, әзіл арқылы қоғамдағы ашы шындықтарды жеткізудің құралына айналған, – дейді сарапшы Дана Әмірбекова.

Мәселенің төңірегінде шыға алмай жүргенде, кино атауының негізгі мақсаты мен мәнін ұмытқандаймыз. Бұл ретте киносыншы: – Кино – ең алдымен үлкен өнер. Ол адамды рухани байытып, үміт сыйлап, жанына жарық сәулесін ұялата алады. Егер киноны өнер тұрғысынан қарастырсак, оның адам жан дүниесін жадыратып, өмірге деген көзқарасын өзгертуге әлеуеті зор. Сонымен бірге, кино – идеологияның қуатты құралы. Ол адамзаттың санасына ықпал етіп, үлкен төңкерістер жасауға қабілетті. Бірақ бұл мүмкіндікті дұрыс бағытта қолдану маңызды, – деп ойын түйіндеді.

Шынында да, киноның көпқырлы табиғаты оны бір ғана мақсатқа байлап қоюға мүмкіндік бермейді. Бірі кинодан рухани азық іздесе, енді бірі ойын-сауық пен күнделікті қызық тіршіліктен алыстауды қалайды. Бірақ осы жан-жақтылықтың өзі қазақ киносының негізгі миссиясын айқындай түседі.

басым екенін байқап отырмыз. Бұл киноиндустрияда оң динамика бар екенін көрсетеді. Кәсіпкерлер бұл салаға инвестиция салуға дайын, яғни киноиндустрия жұмыс істеп, дивиденд әкеліп жатыр, – деді ол.

Жалпы киноиндустриядағы мәселелер туралы депутаттар да сауал жолдауда. Мысалы, қараша айында депутат Ринат Зайытов жыл сайын киноға бөлінетін қаражаттан халыққа нақты қандай пайда келіп жатқаны жөнінде сұралды. Ол өз сөзінде «2025 жылы Ұлттық фильмдерді қолдау мен дамытуға 3,7 млрд теңге қарастырылған. Аударманың өзіне 1 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалды. Осы орайда сұрағым бар. 2024 жылы бюджет қаражатына түсірілген қанша ұлттық фильм халыққа жетті? Одан қанша пайда түсті? Егер одан ешқандай пайда түспесе, прокатқа шықпаса, елге жетпеген болса, оған шығын шығарудың қажетті қанша?» деді.

көрерменге түсініксіз немесе жат болуы мүмкін. Сондықтан әрбір сөзді қазақ тілінде қалай түсіндіріп, қалай айту керекін зерттеу маңызды. Бұл жерде ізденіс пен шығармашылық тәсіл жиі жетіспейді, – деді Дана Әмірбекова.

«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің президенті Рауан Кенжеханұлы сұхбатының бірінде «Дубляж жасау оңай сияқты, бірақ түпнұсқа тілде айтылған сөзді аударудағы дәлме-дәлдік, дыбыстың естілуі мен айтылуы, ерінің жыбырлауы жоғары біліктілікті талап етеді. Менің ойымша, Қазақстанда телевизиялық дубляж көп, әлдеқайда ілгері кеткен, өйткені Корея, Түркия телесериалдарының аудармасы жүріп жатыр. Әбден машықтанған, үйренген топтар пайда болды. Осындай жұмыстар көбейген сайын оның сапасы да арта түседі. Бұл – шығармашылық сала, сондықтан оның шегі жоқ, жетілдіре беруге болады» деген еді.

Бұл мәселеге депутаттар да алаңдаулы. Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов Facebook парақшасында жиі жазып, сауал ретінде де жолдады. Мысалы, желтоқсанда өткен Сенат отырысында ол қазақ киносы мен телебағдарламаларда ана тілін шұбарлау, сленг, жаргон сөз қолдануға қарсы бірнеше ұсыныс айтты.

– Қазақ киносы тілінде қалыптасқан әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерді шешу мақсатында бірқатар ұсынысты қолдауыңызды сұраймыз. Отандық кино өнімдеріне әдеби, идеологиялық тұрғыда нақты бақылау орнату мақсатында кино түсіру саласына мемлекеттік лицензиялауды енгізу қажет. Кино мен телеиндустриядағы тілдік мәдениет мәселелерін реттеу мақсатында кино және сахна тілін қадағалау функциясы енгізілгені жөн. Қазақ киносының тілін көркем әдеби стильге негіздеп, мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуын заңнамалық қамтамасыз ету, қазақ тілінде кино түсірушілерге арнайы тілдік курстар өткізу, кенжелеп қалған кино сыны саласын жетілдіріп, әр жаңа фильмге қатысты кәсіби мамандардың сыни пікірлерін жариялайтын арнайы журналдар шығару қажет. Шетел киносының прокатынан өндірілген салықтың белгілі бір бөлігін ұлттық киноны дамытуға жұмсауды, мемлекеттік тапсырыс аясындағы киноның барлығын тек мемлекеттік тілде түсіруді заңнамалық қамтамасыз етуді және ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы жанындағы Сараптамалық кеңестің қызметін заңнамалық тұрғыда қайта өзектендіруді сұраймын, – деді Руслан Рүстемов.

Дабыл қаққандардың айтуынша, қазіргі қазақ киносындағы ең өзекті мәселелердің бірі – тіл тазалығы. Бірқатар фильмде қазақ тілі мен орыс тілінің аралас қолданылуы, жаргондар мен сленгтердің көптеп кездесуі алаңдатады.

«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» президенті Рауан Кенжеханұлы сұхбатының бірінде «Дубляж жасау оңай сияқты, бірақ түпнұсқа тілде айтылған сөзді аударудағы дәлме-дәлдік, дыбыстың естілуі мен айтылуы, ерінің жыбырлауы жоғары біліктілікті талап етеді. Менің ойымша, Қазақстанда телевизиялық дубляж көп, әлдеқайда ілгері кеткен, өйткені Корея, Түркия телесериалдарының аудармасы жүріп жатыр. Әбден машықтанған, үйренген топтар пайда болды. Осындай жұмыстар көбейген сайын оның сапасы да арта түседі. Бұл – шығармашылық сала, сондықтан оның шегі жоқ, жетілдіре беруге болады» деген еді.

Бұл мәселеге депутаттар да алаңдаулы. Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов Facebook парақшасында жиі жазып, сауал ретінде де жолдады. Мысалы, желтоқсанда өткен Сенат отырысында ол қазақ киносы мен телебағдарламаларда ана тілін шұбарлау, сленг, жаргон сөз қолдануға қарсы бірнеше ұсыныс айтты.

ӘЛЕМДІК АРЕНАДА СҰРАНЫСҚА ИЕ

– Бұл таңғаларлық жаңалық болып көрінуі мүмкін, бірақ шын мәнінде, қазақ авторларының фильмдері Еуропа мен Батыс елдерінде жоғары сұранысқа ие. Қазақ режиссерлері мен сценаристерінің туындылары әлемдік деңгейде мойындалған. Бірақ өкінішке қарай, өз ортамызда олардың танымалдылығы төмен. Сол үшін, біз де қазақ авторлары мен режиссерлерінің шығармаларын дәріптеп, оларды халыққа жақындатып, көрермен мәдениетін көтеругіз қажет, – дейді Дана Әмірбекова.

Расымен, әлемдік деңгейдегі номинация мен байқауларда қазақ киносы жоғары бағаланады. Мәселен, режиссер Гүлшат Смағұлованың «Шатырдағы екеу» фильмі Үндістанда өткен «Алтын арыстан» (GLIFF) халықаралық кинофестивалінде екі аталым бойынша жеңімпаз атанды. Фильм үздік толықметражды фильм деп танылып, «Best Debut Film»



maker Of Feature Film» номинациясында жеңіске жетті. Иранда өткен «Cinema Verite»

халықаралық деректі фильмдер фестивалінде «Пряники для ее отца, моего прадеда, ее деда» жүлде алды. Фильм маңызды халықаралық деректі кинофестивальдағы көптеген жұмыстың ішінде үздік шықты.

– Бұл сыйлықтың маңызы зор және марапат лайықты иесін тапты деп айта аламыз. Фильмде Ляйба есімді кейіпкер 1944 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қайтыс болған әжесінің қабірін іздейді. Туынды түп-тамырын танығысы келген әрбір адам үшін жан тебіренерлік, – деді қазылар алқасының мүшесі Хуман Бахманеш.

Мұнан бөлек, режиссер Елзат Ескендірдің «Әбіл» фильмі Швецияда өтетін Скандинавия өңірінің бас кинофестиваліне шақырту алды. Фильм 24 қаңтар мен 2 ақпан аралығында өтетін Скандинавия өңіріндегі 48-халықаралық Готеборг кинофестивалінде ұсынылады. Сонымен қатар фильм 11-18 ақпан аралығында Францияда өтетін халықаралық Везуль Азия кинофестиваліне қатысады.

Қорыта келе, қазақ киносының даму жолында жетістіктер мен қиындықтар қатар өрілін келеді. Қазіргі таңда қазақ киносы тек отандық нарыққа ғана емес, халықаралық аренада да танылуға мүмкіндігі бар. Алайда тілдік мәселелер мен дубляж сапасының төмендігі сияқты кемшіліктер саланың болашағына кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар қазақ киносының жанрлық алуандығы мен кәсіби деңгейі артқанымен, көрерменнің талап-тілегіне сәйкес контентті ұсыну әлі де өзекті болып тұр. Мемлекеттік тілдің киноиндустрияда қолданылуын арттыру және сапалы дубляж жүйесін қалыптастыру бағытында нақты қадамдар қажет. Қазақ киносының тілдік, идеологиялық және сапалық тұрғыда дамуы үшін барлық саланың бірлескен жұмысы, сонымен қатар заңнамалық қолдау маңызды рөл атқарады. Тек осындай кешенді жұмыстар нәтижесінде қазақ киносы өз көрермені табуға және халықаралық деңгейде танымал болуға мүмкіндік алады.

Инжу МАРЖАН

«ШЫҒЫН ШЫҒАРУДЫҢ ҚАЖЕТІ ҚАНША?»

Былтырғы кино жаңалықтарына зер салсақ, өткен жылы қарашаға дейін отандық 90 кино прокатқа шыққан. Сала мамандарының айтуынша, кейінгі нәтижелермен салыстырғанда бұл айтарлықтай жақсы көрсеткіш.

ДУБЛЯЖ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Қазақша контентті тілге тиек еткенде, дубляждың хәліне бір зер салған абзал. Өткен жылы маусымда тұсауы кесілген «Ойжұмбақ 2» мультфильмін «Disney» мен «Pixar» студиясы қазақ тіліне аударып, кәсіби дубляж жасады. Қуанышқа қарай, алғашқы 4 күнде 40 000 000 теңгеден астам қаражат жинап, бұған дейін көрсетілген туындылар арасында рекорд орнатты.





БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАДЫ

ӨТКЕН АПТАДА «АБЗАЛ ЖӘНЕ К» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖҮЛДЕСІНЕ АРНАЛҒАН БАҚ ӨКІЛДЕРІ АРАСЫНДА ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ТУРНИР ӨТТІ. ТЕННИС ТАҚТАСЫНЫҢ ҮСТІНДЕ ШАР СЫРҒЫТҚАН СЫР ЖУРНАЛИСТЕРІ БІР СӘТ БАРЛЫҒЫН ЫСЫРЫП ҚОЙЫП, ӨЗАРА МЫҚТЫНЫ АНЫҚТАДЫ.

30-ға жуық БАҚ өкілдері төбе көрсеткен жарыстың ұйытқысы – Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм

басқармасы. Су жаңа «Теннис» орталығында өткен жарысты облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айкешов ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Бүгінде аймақ басшысының қолдауымен спорт саласы қарқынды дамып келеді. Өңірде жаңадан заманауи үлгідегі спорт нысандары ашылып, ел игілігіне табысталды. Соның бірі – осы «Теннис» орталығы. Осындай ғимаратта спорт саласындағы тың жаңалықтарды ақпараттандыруда қолдау көрсететін БАҚ өкілдерімен кездесіп отырғанға қуаныштымын. Бүгінгі ұйымдастырылған үстел теннис турнирінің жоғары деңгейде өтуіне де өз үлестеріңізді қосқалы отырсыздар. Алдағы уақытта бұл жарысты дәстүрге айналдырып, республикалық деңгейде өткізсек деген де жоспарымыз бар. Барша жарыс қатысушыларына сәттілік тілеймін! – деді Жігер Оңдасынұлы.

БАҚ өкілдері арасында өңірде алғаш рет ұйымдастырылған үстел теннис тартысқа толы болды. Тілшілік тіршіліктен бас алмайтын қауым ой-сананы сергітті, бой жазды. Нәтижесінде жарыстың жеңімпазы Жаңақорған кенті әкімдігінің баспасөз хатшысы Берік Атақожаев атанды. Ақтық сында сүрінген «Қоғам тв» телеарнасының IT маманы Дәулет Садықов II орынды қанағат қылса, III орын «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасының Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі Әділбек Жахановқа бұйырды. Сондай-ақ, «Көрермен көзайымы» бағамымен облыстық «Қызылординские вести» газетінің бас редакторы Ботағаз Ажарбаева марапатталса, турнирдің «Үздік ойыншысы» бағамын республикалық «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Аружан Оралбай иеленді.

Сыр журналистері бас қосқан бәсеке осылай тәмамдалды. Барлығы ұйымдастырушы ұжымға алғыс жаудырып, дәстүрге айналса деген тілекпен тарқасты.

ШӘКІРТТЕРІ ШЫҢҒА ШЫҚҚАН ШЕБЕРХАНА

(басы 1-бетте)

Мұндай жасөспірімдер қатары Сыр елінде де бар. Нақтыласақ, облыстық №1 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде де осындай спортшы жастар өсіп, шыңдалуда. Талай бозкілем батырларын шығарған қасиетті шаңырақта алып палуандар қатары көбеймесе, сиреген емес.

2011 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан мектептегі грек-рим бөлімінен талай дарынды палуандар қанат қасты. Сонау есік ашқан уақытынан есептеп қарайтын болсақ, бүгінгі күнге дейін балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері арасында дене шынықтыру, сауықтыру спорттық-бұқаралық жолға қоюға бағытталған облыстық байқаудың нәтижесінде I орыннан түспей келеді. Мәселен, өткен жылы ел чемпионаттарында 188 медаль иеленген спортшылар, Азия мен Әлем біріншіліктерінде 45 медальді ел қоржынына салған. Мұның барлығы білікті бапкерлердің есепі еңбегі, спортшылардың қайсарлығының жемісі деп түйсек артық емес.

Қазіргі күні барлығы 84 бала жаттығатын грек-рим бөлімінде 4 бірдей бапкер жұмыс жасайды. Шегінен сен тұр, мен атайын. Өткен жылдың өзінде жоғары санаттағы бапкерлер Азамат Сатыбалдиев пен Азамат Ауешов, I санатты Жәнібек Керімбердиев пен Нұрбол Бағдәулет баулыған шәкірттер талай додаларда топ жарып, оқ бойы озып келді. Тәжірибелі мамандардан тәрбие алып жатқан спортшы жастардың болашағын осыдан-ақ бағамдай беруге болады.

– Қазақ елінің спорттағы, оның ішінде грек-рим күресіндегі деңгейін сіз бен біз жақсы білеміз. Осы күнге дейін талай бәсекені бағындырып, әлем назарын бұрғыздық. Тек кейінгі уақыттары Олимпиада ойындарында сәттілік жолдас болмай жүр демесеңіз, Азия мен Әлем біріншіліктеріндегі бәсіміз әлде қайда биік. Сондай байрақты бәсекелерде бас идірмей кететін спортшылар қатарын біздің

Сыр спортшылары толықтырады. Бізде бірінші ізін бірі жалғап, мықты жастар тәрбиеленіп келеді. Алға қойған жоспарларымыз өте көп. Барлық жаттықтырушылар үнемі ақылдасып, бірлесе жұмыс жасап келеміз. Сәтін салса қазақ елінің туын көкке көтеретін жастар тәрбиеленіп шығады, – деді бапкер Азамат Сатыбалдиев.

Спорт мектептің мәртебесін арттырып, жеткен жетістігін тізбектегенде ондағы грек-римнен бөлек спортшы жастарды баулитын бөлімдерді айтпай кете алмаймыз. Нақтыласақ, спорттың 16 түрі бойынша балаларды кәсіби түрде бағыттап келе жатқан мектепте ауыр атлетикадан 116 спортшыны 4 бапкер баулып келеді. Сондай-ақ әйелдер күресінен – 2 жаттықтырушы, 66 спортшы, байларқа мен каноэде есуден – 1 жаттықтырушы, 15 спортшы бар. Оған бокстан – 4 жаттықтырушы мен 112 спортшыны, дзюдодан – 5 жаттықтырушы мен 183 спортшыны және еркін күрестен 148 жасты шыңдайтын 4 бапкерді қоса аламыз.

Мектеп шынға шығатын спортшыларды шығаратын шеберхана десек, өзге де спорт түрлеріне тоқталмай кете алмаймыз. Себебі әрбір бөлімнің жетістігі бір төбе. Мәселен, қазірдің өзінде көркем гимнастикада – 121, стэнд атудан – 80, таеквондодан – 114, каратэден – 78, кикбоксингтен – 48, самбодан – 120, шахматтан – 122 және қазақ күресінен 115 спортшы облыс қана емес, республика мен әлемде ел намысын абыройлы қорғап келеді.

– Білікті спортшыларды дайындауды мақсат еткен мектепте жыл бойы тұрақты оқу-жаттығу сабақтарын өткізу үшін бар жағдайды жасайды. Облыстың, республика құрама командасына қосылып, Олимпиада ойындарында бақ сынайтын спортшыларды шығаруды жалғастыра береді. Бастысы, алға қойған жұмыстарымызды жүйелі түрде жалғастыра береміз, – деді мектеп директоры Берік Қасымбеков.

Шынын айтпайық, бұл біздегі I ғана мектептегі көрсеткіш пен бозкілемде тартысып жүрген батырлар шыққан шынның бір парасы ғана. Тізе берсек тоқтау жоқ. Мерейімізді тасытып жүрген

спортшы жастарға қандай алғыс жаудырсақ та жарасады. Салауатты өмір салтын ұстанған жан-дұрдың әлі талай биікті бағындырып, қуанышқа бөлейтіні сөзсіз.



«ҚАСҚЫРЛАР» ЛЕГИОНЕРЛЕРДІ КЕРЕК ЕТПЕЙДІ



Қазақстандық футбол клубтарына жыл сайын жергілікті биліктен 1 млрд 200 миллион теңге бөлінеді. Әрбір клуб жыл көлеміндегі барлық қажеттіні сол қаржыға қарай есептеп, шығынсыз шығуы тиіс. Алайда ол әлде қайда қиынырақ. Себебі басқасын айтпағанда ойыншыларға берілетін жалақының өзі сол берілетін қаражаттың жартысын құрайды. Одан қалды жат елден келетін келісімдерге құйылатын ақшаның өзі алаңдатпай қоймайды.

Легионерлер деп қалдық қой. Елдегі соңғы спорт жаңалықтарына сүйенсек, жергілікті «Қайсар» футбол клубы жаңа маусымда легионерлерсіз ойнайды. Яғни, қасқырлар ендігі жерде келісімдерді керек етпейді. Бұл туралы басқарма басшылығын тізгіндегіне көп бола қоймаған Олимпиада чемпионы Бахтияр Артаевтың өзі айтты отыр.

– Қаншама жыл легионерлерді асырап келгеніміз жетер, өзіміздің қазақтың кара домалақ балаларын ойнатайық. Қазақ балалармен ойнап премьер-лигадан да шықпай жап-жақсы өнер көрсетуге болады деп ойлаймын. Әлбетте өзге клубтармен бәсекеге түсу алғашқыда қиын болатын шығар, алайда көш жүре келе түзелетінін ұмытпаған жөн, – дейді ол.

Расында клуб командаға легионер алуды доғаратын болса, бұл жергілікті жастарға берілген үлкен мүмкіндік болары анық. Сондай-ақ осы арқылы өзге өңірде келісімдер тасасында қалған таланттарды тартуға үлкен көмегін тигізетіні анық.

Ендігі жерде легионерсіз өнер көрсететін қасқырларға қаражатты тиімді жұмсай алады деуге болады. Оның арғы жағында өткен жылдардан қалған шығындарын өтеу мүмкіндігі бар.

Ендігі жұмыс клубтағы спорт директор Мақсат Байжанов пен қызметінде бас бапкер Виктор Кумыковқа жүктеледі. Егер клуб кубокта біршама кезенге өтіп, премьер-лигадағы орынды сақтап қала алса, бұл өзге облыстарға үлгі болары анық. Содан соң барлығы осы жүйені іске асыратын болса, елдегі барлық жасыл алаңдарда тек қазақ балалары ғана доп жүрген болар еді. Нағыз қазақы команда болып саналатын «Қайсар» клубы биыл «дала қасқыры» атанып, күтпеген нәтиже тіркейді деген үміттеміз.

Айтпақшы, біз айттып отырған «Қайсар» Қызылорда облыстық футбол клубы ЖШС өткен аптада басшысын да ауыстырып үлгерді. Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының бұйрығына сәйкес, бұл қызметке Талғат Әбдіғанпарұлы тағайындалды. Жаңа басшы жергілікті команданы жаңа жетістіктерге жетелейді деп сенейік.

